

Атауы	Супер Комфорт Promo		
Қызмет	1990 теңге абоненттік төлем алынғанда, 4 апта ¹	Бонустық көлемнен асып кеткенде	Абоненттік төлем алынбағанда
	Бонустық көлем, 4 апта ²		
Activ/Kcell желісі ішіндегі шығыс байланысы (дауыстық және бейнеқоңыраулар), минутына	0	0	Күнделікті топтама 100Мб+желі ішінде шектеусіз тәулігіне 70 теңгеге ³ немесе минутына 14тг
ҚР бойынша басқа ұялы операторларға шығыс байланысы, минутына	0 теңгеден 70 минут	14тг/мин	14тг/мин
Мобильді интернет	0 теңгеден 12 GB , тәулік бойы қолданылады	2тг/МВ	Күнделікті топтама 100Мб+желі ішінде шектеусіз тәулігіне 70 теңгеге ³ немесе 2тг/МВ
<i>Абоненттік төлемнің алынуына байланысты емес қызметтер көлемі</i>			
Activ/Kcell желісі ішінде SMS, бір хабарламаға	7		
ҚР бойынша қалалық нөмірлерге шығыс байланысы, минутына	18		
ҚР бойынша басқа желілерге SMS, 1 хабарламаға	14		
Activ/Kcell желісі ішінде MMS, бір хабарламаға	7		
Әрқашан байланыста	0		
Роуминг	Қызметті пайдалану күнінде әрекет ететін және Абоненттің барған елі мен Абонент таңдаған операторға сәйкес Компания тарифтері бойынша		

¹Абоненттік төлем Тарифтік жоспарға қосылған кезде Абонент теңгерімінен толық мөлшерде, содан кейін қосқан/абоненттік төлем алынған күнді қоса, әр 4 апта (28 күн) сайын Нұр-Сұлтан уақыты бойынша сағат 00:00-ден 02:00-ге дейін жеткілікті оң теңгерім болғанда алынады. Егер абоненттік төлем теңгерімде қаражаттың жеткіліксіз болуы себебінен сағат 00:00-ден 02:00-ге дейін алынбаса, онда теңгерім 02:00-ден кейін жеткілікті сомаға толтырылғанда, абоненттік төлем толық көлемде алынады және Тарифтік жоспар бойынша қызметтер келесі белгіленген абоненттік төлемнің алынуына дейін ағымдағы тарифтеу кезеңінде пайдалану үшін Тарифтік жоспар талаптарына сәйкес көлемде ұсынылады.

²Тарифтік жоспар бойынша қызметтердің бонустық көлемі абоненттік төлем табысты алынған жағдайда ғана беріледі. Минуттар, МВ үйлесімділік талаптарына сәйкес қосу/абоненттік төлем алу күнін қоса, келесі белгіленген абоненттік төлем алынатын тәулік басталғанға дейін 4 апта (28 күн) жарамды болады. Қызметтердің бонустық көлемі роумингте қолданылмайды, Тарифтік жоспар өшірілген кезде жойылады. 0 теңгеден бонустық көлем Тарифтік жоспар бойынша абоненттік төлемнің құнына енгізілген.

Бонустық көлемнен асқан кездегі тариф Компания белгілеген рәсімге сәйкес Абонент Тарифтік жоспар бойынша қамтылған Бонустық қызметтер көлемі таусылған соң қосымша көлем үшін теңгерімнен тарифтеуге өз келісімін растаған жағдайда ғана қолданылады.

Бонустық трафиктің қалдығы *111*3# USSD-тіркесін теру арқылы тексеріледі. Абонент өз бонустық трафиінің жұмсалуды өздігінен қадағалап, оның берілуін өздігінен тексереді.

Тарифтік жоспар бойынша белсенді интернет-сессия кезінде берілген бонустық интернет-трафик жарамды болмайды. Мұндай жағдайларда ағымдағы сессияны жауып (құрылғыдағы мобильді деректердің берілуін өшіріп-қосып), интернетті пайдалануды трафик берілгеннен кейін қайта бастау ұсынылады. Тарифтік жоспар бойынша бонустық интернет-трафик абоненттік құрылғыда internet қолжетімділік нүктесі бапталған жағдайда жарамды.

3Тарифтік жоспар бойынша абоненттік төлем алынбаған Абоненттер үшін тәулігіне 70 теңге абоненттік төлеммен 100МВ және желі ішінде 0 теңгеден қоңыраулар қамтылған күнделікті топтама (бұдан әрі - Топтама). Топтама Тарифтік жоспардың бөлігі болып табылады және Тарифтік жоспардан бөлек өшірілмейді. Топтама белгіленген уақытта Тарифтік жоспар бойынша абоненттік төлем алынбағанда және Абоненттің теңгерімінде Топтама бойынша төлемді алу үшін жеткілікті сома болғанда іске қосылады. Топтама берілген тәуліктен кейінгі тәулікте сағ. 01:00-ге (Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша) әрекет етеді. Топтама бойынша абоненттік төлем топтама іске қосылғаннан кейін Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша сағ. 00:00-ден 02:00 дейін қоса алған кезеңде күн сайын алынады.

Теңгерімде Топтама бойынша күн сайынғы төлемді алу үшін жеткілікті ақша қаражаты болмаса, онда мобильді интернетті/желі ішіндегі шығыс байланысын тарифтеу Тарифтік жоспар бойынша абоненттік төлем алынбаған жағдайлар үшін белгіленген тариф бойынша жүргізіледі. Теңгерім Нұр-Сұлтан уақыты бойынша сағат 02:00-ден кейін Топтама бойынша күн сайынғы төлемді алу үшін жеткілікті, бірақ Тарифтік жоспар бойынша абоненттік төлем алу үшін жеткіліксіз сомаға толтырылғанда, Топтама бойынша абоненттік төлем алынады және Топтама бойынша трафик ұсынылады.

Абонент теңгерімді Тарифтік жоспар бойынша абоненттік төлем алу үшін жеткілікті сомаға толықтырған және ол сәтті алынған жағдайда, Топтама өшіріледі. Топтама бойынша трафик/минуттар (егер олар болса) қалдығы оның әрекет ету мерзімінің соңына дейін пайдаланылады.

Тарифтік жоспары қайта орнатылған Бастапқы топтаманы іске қосқан кезде, егер теңгерімдегі қаражат Тарифтік жоспар бойынша абоненттік төлем алу үшін жеткіліксіз болса, БТ қосу/іске қосу тәулігінің соңына дейін тіпті теңгеріміңізде 70 тг болған жағдайда да Топтама қосылмайды, егер Тарифтік жоспар бойынша абоненттік төлем алу үшін қаражат әлі де жеткіліксіз болса, Топтаманы іске қосу және ол бойынша төлем алудың бірінші әрекеті Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша келесі тәулікте сағ. 00:00-ден 02:00 дейін қоса алған кезеңде жүргізіледі.

Топтама бойынша трафиктің қалдығы *111*3# USSD-тіркесін теру арқылы тексеріледі.

Абонентте Топтама бойынша да, басқа қызметтер немесе Тарифтік жоспар бойынша да бонустық көлем болған жағдайда, ең алдымен әрекет ету мерзімі азырақ көлем жұмсалады. Тарифтік жоспарды өшіргенде Топтама бойынша трафик қалдығы оның әрекет ету мерзімінің соңына дейін пайдаланылады.

Топтама бойынша барлық бонустық көлем таусылғанда және өзге қолжетімді трафик болмаған жағдайда, мобильді интернет/activ/Kcell желісі ішінде қоңыраулар қызметі үшін тарифтеу Тарифтік жоспар бойынша абоненттік төлем алынбаған жағдайларда көзделген Тарифтік жоспар мен қызметтер үйлесімдігі талаптарына сәйкес теңгерімнен жүргізіледі.

Жарнамалық науқан аясында Тарифтік жоспарды қайта қосуды қоса алғанда, БТ қосылған соң ол бойынша алғашқы 3 абоненттік төлем 50% жеңілдікпен 995 теңге мөлшерінде жүргізіледі.

31.07.2019 ж. дейін Тарифтік жоспардың абоненттеріне Тарифтік жоспар бойынша абоненттік төлем алынған жағдайда, қосу үшін «**Жайлы лимитсіздік+**» қосымша қызметі (бұдан әрі-Қызмет) қолжетімді.

Қызметтің әрекет ету кезеңінде Қызметті қосқан Абоненттерге, төменде аталған барлық талаптар орындалған жағдайда, **YouTube** бейнесервисіне, **WhatsApp** мессенджеріне және **Instagram, Facebook, ВКонтакте, Одноклассники** қолданбасына/элеуметтік желісіне тарифтелмейтін қолжетімділік беріледі:

- Тарифтік жоспар бойынша абоненттік төлем алынған жағдайда;
- Абонент теңгерімінде Тарифтік жоспар бойынша бонустық интернет-трафик көлемінің қалдығы болған жағдайда (0-ден көп), бұл ретте activ.kz сайтында орналастырылған резервтеу ережелеріне сәйкес резервтелген интернет-трафик көлемі Қызметтің қолжетімділігін анықтау мақсатында есепке алынбайды;
- iOS пен Android-қа арналған «WhatsApp», «YouTube», «Instagram», «Facebook», «ВКонтакте», «Одноклассники» ресми қолданбаларының өзекті нұсқалары арқылы интернетке шыққан жағдайда.

Қызмет Тарифтік жоспар бойынша абоненттік төлем құнына енген.

Қызмет аясында қолжетімділік берілетін жылдамдық 1.5 Мбит/сек аспайды.

Браузерлерді пайдалану, push-хабарламаларды алу (соның ішінде әлеуметтік желілердегі оқиғалар туралы хабарламаларды алу), бағдарламалық қамтамасыздандырудың автоматты түрде жаңартылуы немесе орнатылған басқа қолданбалардың фондық жұмысы, басқа ресурстарға сілтемелерді, баннерлік жарнаманы, техникалық трафикті пайдалану, Google Play, App Store дүкендерінен қолданбаларды жүктеу, приваттық көру режимін пайдалану, смартфонды модем режимінде пайдалану, VPN-арналарды, прокси-серверлерді, анонимайзерлерді, InstagramStories, тікелей эфирлерді көру, сондай-ақ Whatsapp арқылы қоңырау шалу кезінде интернет-трафик тарифтік жоспар бойынша негізгі бонустық қызметтер көлемінен, бар болған жағдайда, қосымша интернет-қызметтерден (интернет-топтамалардан) жұмсалады, ал олар таусылған немесе болмаған жағдайда, интернетке қолжетімділік Тарифтік жоспар бойынша бонустық интернет-трафик көлемінен асқан жағдайларда қолданылатын тариф бойынша тарифтеледі. Бонустық көлемнен тыс тарифтеуге Абоненттің келісімі болмаған жағдайда, мобильді интернет қызметіне қолжетімділік Тарифтік жоспар бойынша абоненттік төлем алынғанға, қосымша интернет-қызмет (интернет-топтама) қосылғанға немесе бонустық көлемнен тыс тарифтеуге келісім берілгенге дейін дейін жалпы бұғатталады (және тарифтелмеуі тиіс).

Тарифтелмейтін қолжетімділік Қызметті қосқан мезеттен бастап (Абонент жоғарыда көрсетілген талаптарды сақтаған жағдайда) Тарифтік жоспар бойынша келесі белгіленген абоненттік төлем алынатын күнге дейін және әрі қарай Тарифтік жоспар бойынша абоненттік төлем табысты алынған жағдайда қолданылады.

Қызмет Абонент Тарифтік жоспарларда болған бүкіл кезең ішінде қолданылады және ағымдағы Тарифтік жоспарды қайта қосқанда немесе Абонент «Супер Комфорт» Тарифтік жоспарлары желісі арасында ауысқанда өшірілмейді, яғни қосымша қосылудың қажеті болмайды.

Қызмет Абонентте Тарифтік жоспар бойынша абоненттік төлем алынған жағдайда ғана *812# USSD-мәзірі арқылы тегін қосылады.

Қызмет Абонент басқа тарифтік жоспарға (Супер Комфорт S, Супер Комфорт M, Супер Комфорт L, Супер Комфорт Promo емес) ауысқан жағдайда өшіріледі.

Қызмет роумингте қолданылмайды.

Қызметті пайдалану кезінде activ.kz сайтында орналастырылған резервтеу ережелеріне сәйкес, интернет-трафикті жеке резервтеу жүргізіледі.

Тарифтік жоспар бойынша абоненттік төлем алынған жағдайда, тарифтік жоспарлардың абоненттеріне **«390 теңгеге ҚР басқа ұялы операторларына 60 минут»** қосымша топтамасы қолжетімді.

Тарифтік жоспар бойынша абоненттік төлем алынған жағдайда, Тарифтік жоспардың абоненттеріне **«650 теңгеге 2ГБ мобильді интернет топтамасы»** қосымша топтамасы қолжетімді.

Тарифтік жоспардың Абоненттеріне **«150 теңгеге Activ/Kcell желісі ішінде 30 SMS»** қосымша топтамасы қолжетімді.

«Тарифтік жоспарды қайта қосу» қосымша қызметі Тарифтік жоспарларды пайдаланушыларға қатысты қолданылсын.

Тарифтік жоспармен қызметтердің **үйлесімділігінің** мынадай талаптары белгіленсін:

«Жылдық интернет+» қосымша интернет-қызметімен бір мезгілде қосқан жағдайда, ең алдымен әрекет ету мерзімі азырақ интернет-трафик жұмсалады. «Жылдық интернет+» қызметі бойынша, сондай-ақ Тарифтік жоспар бойынша интернет-трафик таусылған жағдайда, мобильді интернетті тарифтеу, қайсысының бұрынырақ басталатындығына қарай, қызмет бойынша трафиктің келесі берілуіне дейін немесе Тарифтік жоспар бойынша трафиктің келесі берілуіне дейін «Жылдық интернет+» қызметінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

«Мобильді интернет плюс» қосымша интернет-қызметімен бір мезгілде қосқан жағдайда, осы қызмет бойынша абоненттік төлем қызметтің стандартты талаптарында алынады, трафик «Мобильді интернет плюс» қызметінің талаптарына сәйкес беріледі, бұл ретте ең алдымен әрекет ету мерзімі азырақ интернет-трафик жұмсалады. Тарифтік жоспар бойынша, сондай-ақ қызмет бойынша трафик таусылған жағдайда, мобильді интернетті тарифтеу тарифтік жоспар бойынша кезекті белгіленген абоненттік төлемнің алынуына дейін «Мобильді интернет плюс» қызметінде белгіленген тарифтерге сәйкес жүзеге асырылады.

Тарифтік жоспарды «Интернет+» қосымша интернет-қызметімен бір мезгілде қосқан жағдайда, қызмет бойынша абоненттік төлем қызметтің стандартты талаптарында алынады, трафик қызмет талаптарына сәйкес беріледі, бұл ретте ең алдымен әрекет ету мерзімі азырақ трафик жұмсалады. Тарифтік жоспар бойынша, сондай-ақ қызмет бойынша трафик таусылған жағдайда, мобильді интернетті тарифтеу кезекті белгіленген абоненттік төлемнің алынуына дейін «Интернет+» қызметінде белгіленген тарифтерге сәйкес жүзеге асырылады.

«Бонустық интернет» қосымша интернет-қызметімен бір мезгілде қосқан жағдайда, қызмет бойынша абоненттік төлем қызметтің стандартты талаптарында алынады, трафик қызмет талаптарына сәйкес беріледі, бұл ретте ең алдымен әрекет ету мерзімі азырақ трафик жұмсалады. Тарифтік жоспар бойынша, сондай-ақ қызмет бойынша трафик таусылған жағдайда, мобильді интернетті тарифтеу кезекті белгіленген абоненттік төлемнің алынуына дейін Тарифтік жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

«Онлайн» қосымша интернет-қызметімен бір мезгілде қосқан жағдайда, ең алдымен әрекет ету мерзімі азырақ трафик жұмсалады. Тарифтік жоспар бойынша, сондай-ақ қызмет бойынша трафик таусылған жағдайда, мобильді интернетті тарифтеу кезекті белгіленген абоненттік төлемнің алынуына дейін Тарифтік жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

Мобильді интернетті пайдалану бойынша әрекет ету мерзімі шектеулі өзге де қызметтерді, желі ішінде немесе ҚР басқа ұялы операторларына шығыс байланысын және/немесе желі ішіндегі SMS бір мезгілде қосқан жағдайда, ең алдымен әрекет ету мерзімі азырақ трафик жұмсалады.

Осы үйлесімділік талаптарын Компания бір жақты тәртіпте өзгертуі немесе толықтыруы мүмкін.